

3. Учащиеся делают предсказание, чтобы что-то произошло успешно с первой попытки. Для, например, отклонить электронный луч электронно-лучевой трубки в выбранное место с помощью одного или нескольких магнитов с известными полюсами.

Вывод: такой подход к экспериментам позволяет преподавателям перейти от трактовки экспериментов, в которых они «иллюстрируют» или «проверяют» физические концепции к подходу, более близкому к практике реальной науки. Реализуя его, преподаватель хочет, чтобы его учащиеся: (1) наблюдали явление, чтобы выявить закономерности в данных и придумать объяснение; (2) проверяли обоснованность своего объяснения; (3) или сознательно применяли свою теорию или физический закон, который объясняет это явление.

Список литературы:

1. М.Д.Максвелл. Статьи и речи. – М.: Наука. С.20-36; 1968 г.
2. Соколов Д.Р и Торнтон Р.К. Использование интерактивной демонстраций лекций для создания активной учебной среды, *The Physics Teacher* 35 (6), 340-347. (1997 г.)
3. Е. Эткина. «Преподавание физики одаренным студентам», Кандидатская диссертация, Московский государственный педагогический университет, 1997.
4. Е. Эткина. «Физика на роликах», *The Physics Teacher* 36, 24-27 (1998).

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

*Исмайлова Жансая Бахытбековна,
Орынбаева Жаухар Тортаевна,*

Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің №28 мектеп – гимназиясы» КММ

Аннотация

Өзектілігі. Елімізде болып жатқан әлеуметтік өзгерістер білім беру саласына өзгерістер енгізуге тандау қойды. Қазіргі заман талабы – білім беру жүйесіндегі оқыту үрдісінің технологиялануы, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесіне, мектеп өміріне қашықтан оқытудың енуі. Бұл білім берудің жаңа түрлерін құру, түрлі педагогикалық инновацияларды, авторлық бағдарламаларды тәжірибеде қолдануға мүмкіндік ашты. Жалпы білім беру жүйесіндегі құбылмалы жағдай, қашықтықтан оқыту, педагогтердің жаңа білім беру қажеттіліктерін қалыптастырды.

Түйінді сөздер: қашықтықта оқыту, асинхронды, синхронды, білім беру платформасы, білім беру порталдары.

Аннотация

Актуальность. Социальные изменения, происходящие в стране, поставили перед выбором внести изменения в сферу образования. Современное состояние системы образования требует технологизации процесса обучения, а также внедрение дистанционного обучения в практическую деятельность педагогов – новаторов и в самую школьную жизнь. Благодаря созданию новых форм образования, педагоги применяют на практике инновационные методы обучения и авторские программы. Переход на дистанционное обучение сформировал новые образовательные потребности педагогов.

Ключевые слова: дистанционное обучение, асинхронное, синхронное, образовательная платформа, образовательные порталы.

Abstract

Relevance. Current social changes in the country have decided to make changes in the field of education. The modern requirement is the technologization of the educational process in the education system, the introduction of distance learning into the practice of teachers-innovators, school life. This made it possible to create new forms of learning, practical application of various pedagogical innovations, author's programs. The changing situation in the system of general education, distance learning, gave rise to new educational needs of teachers.

Keywords: distance learning, asynchronous, synchronous, educational platform, educational portals.

Елімізде болып жатқан әлеуметтік өзгерістер білім беру саласына өзгерістер енгізуге таңдау қойды. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен [1]. Мінеки, қазіргі заман талабы – білім беру жүйесіндегі оқыту үрдісінің технологиялануы, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесіне, мектеп өміріне қашықтан оқытудың енуі. Бұл білім берудің жаңа түрлерін құру, түрлі педагогикалық инновацияларды, авторлық бағдарламаларды тәжірибеде қолдануға мүмкіндік ашты. Жалпы білім беру жүйесіндегі құбылмалы жағдай, қашықтықтан оқыту, педагогтердің жаңа білім беру қажеттіліктерін қалыптастырды.

Бүгінгі таңда педагогтерді қашықтықтан оқыту білім беру жүйесі мамандарының кәсіби шеберлігін жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Білім беруді ақпараттандыру және жаңғырту үдерістерін дамыту жағдайында қашықтықтан оқыту технологиялары оқу процесін неғұрлым икемді, ыңғайлы, практикаға бағдарланған. Қашықтықтан білім беру технологияларын білім беру практикасына енгізу педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға және қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени жағдайға және білім беру жүйесінің әлеуметтік тапсырысына барабар педагог кадрларды қалыптастыруға ықпал етеді. Қашықтықтан білім беру қызметтері білім беру жүйесін жаңғыртудың басым бағыттарына тікелей байланысты дамиды: білім беру қызметкерлерін және білім алушыларды бірыңғай мемлекеттік емтиханға даярлау; педагогтердің пәндік білімдерін тереңдету; қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалану негізінде дарынды балалармен және мүмкіндіктері шектеулі балалармен педагогикалық қызмет жүйесін дамыту; оқу-ақпараттық ортаны жетілдіру жағдайында білім беру жүйесі мамандарының ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін; педагогтердің біліктілігін қашықтықтан арттыруды қалыптастырады.

Білім берудің қашықтықтан оқыту формасы 21 ғасырдың негізгі жүйесі болып табылады. Қашықтықтан оқытудың өзектілігі-бұрын технологиялар саласында шоғырланған әлеуметтік үрдістің нәтижелері бүгінде ақпараттық салада шоғырланған.

Тұңғыш Елбасы Н.Ә. Назарбаев жолдауында: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет» деген [2]. Сандық ақпараттандыру дәуірі келді. Қазіргі уақытта оның даму кезеңін сандық ресурстармен сипаттауға болады. Бұл байланыс, ақпарат және білім саласы. Қашықтықтан оқыту нысаны бүгінде уақыт пен кеңістік белдеулеріне қарамастан жаппай үздіксіз өзін-өзі оқыту, жалпыға ортақ ақпарат алмасу жүйелерін құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қашықтықтан білім беру жүйелері әлеуметтік жағдайға қарамастан (мектеп оқушылары, педагогтар, қосымша білім беру мамандары, қызметкерлер, ата-аналар т. б.) барлық адамдарға тең мүмкіндіктер береді.

Қашықтықтан білім беру формасы туралы айтатын болсақ, бірыңғай ақпараттық-білім беру кеңістігін құру туралы айту керек, оған барлық электронды ақпарат көздері (соның ішінде желі) кіруі керек: виртуалды кітапханалар, мәліметтер базасы, кеңес беру қызметтері, электронды оқулықтар және т.б. қашықтықтан оқыту туралы сөз болғанда жүйеде мұғалімнің, оқулықтың және оқушының болуын түсіну керек. Бұл мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеті. Қашықтықтан оқыту барысында оқушыларға білім беру мынадай ақпараттық-коммуникациялық көздер арқылы жүзеге асырылуда [3].

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру нысандары

Чат-сабақтар-чат-технологияларды пайдалана отырып жүзеге асырылатын оқу сабақтары. Чат сабақтары синхронды түрде өткізіледі, яғни барлық қатысушылар бір уақытта чатқа қол жеткізе алады.

Веб-сабақтар (порталдар, түрлі платформалар) – қашықтықтан өткізілетін сабақ-

тар, конференциялар, семинарлар, іскерлік ойындар, зертханалық жұмыстар, практикумдар және телекоммуникация құралдары мен интернеттің басқа да мүмкіндіктері арқылы өткізілетін оқу сабақтарының басқа да нысандар арқылы өткізіледі.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесіндегі ақпараттық-репродуктивті тәсілді жаңа педагогикалық технологиялармен ауыстыру өзекті мәселе болып табылады. Қазіргі заман талабына сай оқушыларды оқытуда қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру мен қатар кезекші сыныптарда жұмыстар жүргізілуде. Қашықтықтан оқыту оқушыларға білім беруде, өзіндік жұмысын жаңа деңгейде ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Қашықтықтан оқыту жағдайында мектеп мұғалімдері өзін-өзі онлайн оқытудың негіздерін дамытумен қатар, ақпараттық, сандық ресурстарды пайдалана алу бойынша қайта даярлау курстары арқылы өз білімдерін дамытуды жүзеге асырылуда.

Мұғалімдеріміз қашықтан білім беруді жаңа заманауи форматта ұйымдастырып, белгілі «Күнделік», «Bilimland», «Daryn.online», «Online мектеп» сынды платформалардың, сондай-ақ «Балапан», «Ел-Арна» көгілдір экрандарының бейне-сабақтарын қолданып, «Kundelik.kz» электронды журналы және WhatsApp мессенджерлері, мектеп сайты арқылы жүзеге асырып келеді. «Bilimland», «Daryn.online», «Online мектеп» сынды платформалардың сандық ресурстарын да пайдаланып отыруды дағдыға айналдырды.

Сонымен қатар, мұғалімдердің ақпараттық сауаттылығын дамыту мен сүйемелдеу мақсатында онлайн әдістемелік отырыстар ұйымдастырылып, әркім өзі пайдаланатын платформа (Kahoot, Google Формы, Socrative телеграмм, Whatshap) түрлерімен, Padlet – виртуалды тактасын қолдану мүмкіндігі туралы тәжірибе алмасады. Осы әдістердің оңай, әрі пайдалы жағын айтады. Педагогтер өз тәжірибелерінде қолданатын ақпараттық технологияларды және жеке оқытуды қамтамасыз ету әдістерін қолданады.

Қашықтықтан білім беру формасында бірыңғай ақпараттық-білім беру кеңістігін құру, оған барлық электронды ақпарат көздері (соның ішінде желі): виртуалды кітапханалар, мәліметтер базасы, кеңес беру қызметтері, электронды оқулықтар және т.б. қашықтықтан оқытуды мұғалім мен оқушының түсінуі. Бұл мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеті.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесіндегі ақпараттық-репродуктивті тәсілді жаңа педагогикалық технологиялармен ауыстыру өзекті мәселе болып табылады.

Мұғалімдеріміз қашықтан білім беруді жаңа заманауи форматта ұйымдастырып, белгілі «Күнделік», «Bilimland», «Daryn.online», «Online мектеп» сынды платформалардың, сондай-ақ «Балапан», «Ел-Арна» көгілдір экрандарының бейне-сабақтарын қолданып, «Kundelik.kz» электронды журналы және WhatsApp мессенджерлері, мектеп сайты арқылы жүзеге асыруда. «Bilimland», «Daryn.online», «Online мектеп» сынды платформалардың сандық ресурстарын да пайдаланып отыру дағдыға айналдырды.

Сонымен қатар, мұғалімдердің ақпараттық сауаттылығын дамыту мен сүйемелдеу мақсатында онлайн әдістемелік отырыстарында әркім өзі пайдаланатын платформа (Kahoot, Google Формы, Socrative телеграмм, Whatshap) түрлерімен, Padlet – виртуалды тактасын қолдану мүмкіндігі турады тәжірибе алмасады. Осы әдістердің оңай, әрі пайдалы жағын айтады. Педагогтер өз тәжірибелерінде ақпараттық технологияларды және жеке оқытуды қамтамасыз ету әдістерін қолданады.

Қашықтықтан оқыту оқу үрдісіндегі барлық субъектілер нені үйретеді. Мұғалім-тәлімгер. Оқушы-зерттеуші, білімді жобалаушы, білім беру бағытының авторы.

Мұғалім үшін

Мұғалімнің жаңа рөлі танымдық процесті үйлестіреді, меңгертетін білімді түзетеді, консультация береді, оқу жобаларына басшылық етеді, оқушы жетістіктерін бағалаумен қатар т.б. функциялар жүктеледі.

Оқушы үшін

Оқушының жаңа рөлі өзін-өзі ұйымдастыра алады, еңбекқорлық, жауапкершілік және белгілі бір білім деңгейі қалыптастырады.

Икемділік

Оқушылар пәнді меңгеру бойынша қажетті білім алу үшін қанша қажет болса, сонша оқи алады.

Асинхрондылық

Оқыту процесінде білім алушы оқыту мен оқу технологиясын уақыт өте келе, ыңғайлы қарқынмен іске асыра алады.

Қамту

Қашықтықтан оқыту жағдайында білім алушылар оқу ақпаратының көптеген көздеріне (электронды кітапханаларға, мәліметтер базасына, білім беру платформалары мен порталдарына) қол жеткізе алады, сонымен қатар байланыс желілері немесе басқа ақпараттық құралдары арқылы бір-бірімен және мұғаліммен байланыса алады.

Ақпараттық технологиялар

Компьютерлер, аудио-бейнетехника, телекоммуникация жүйелері, құралдары, білім беру платформалары мен порталдарын пайдаланылады.

Қашықтықтан оқыту жағдайында мұғалімнің білім беру белсенділігі, оның шығармашылығы өзін-өзі дамытуды жүзеге асыруының көрсеткіші болып табылады, желіде жұмыс істеуді үнемі жетілдіреді. Қашықтықтан оқыту барысында желілік өзара әрекеттесу білім беру процесіне қатысушылардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, қашықтықтан оқытуды қиындататын бірқатар мәселелер де жоқ емес.

Қашықтықтан оқытудың нақты әдістері, құралдары мен формаларын толықтай қолдана алмауы. Қашықтықтан оқытуды пайдаланудың басты шарты мұғалімдер мен оқушылардың компьютермен, жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялармен жұмыс істеу дағдыларының толық меңгеруі дәрежесінің жеткіліксіздігі.

Интернет (желілік технология) – оқушылардың ақпараттық білім беру ресурстарына қол жеткізуді қамтамасыз етуде туындаған қиындықтардың орын алуы. Мұғалімдер мен оқушыларда туындаған техникалық жетіспеушілік мәселелерді, мектептің материалдық базасы арқылы көмек беруді ұйымдастыру жолмен шешілді.

Қорыта келе, заман талабына сай, қашықтықтан оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен сандық білім беру жүйелерінің тиімділігін меңгеру келесідей мүмкіндіктер берді:

- *ұтқырлық* – мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс арқылы оқу процесінің табысты болуына;

- *қол жетімділік* – оқушының мектепте отырмай-ақ, білім қажеттіліктерімен шектелмеуге мүмкіндік алуына;

- *технологиялық тиімділік* – оқу үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың соңғы жетістіктерін қолдану, желілік компьютерлік дағдыларының жетілдірді.

Қашықтан оқыту – заман талабы. Ұрпағымыз үшін жасалып жатқан жұмыс өз жемісін береді деген ойдамыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 жылғы 14 желтоқсан.
3. Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарында ұйымдастырылған оқу қызметтерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар 2020 жыл.